

тш(ч)>дж), аффрикат құрамындағы **ш** дыбысын сына **й** дыбысы ығыстырғанда **тй-дй** қосар дыбысына (яғни **тш(ч)>тй-дй**) айналады деген сөз.

Демек, қыпшақ тілдерінің тарихын қатаң **ч** аффрикатынан ұяң **дж** аффрикатының пайда болған кезеңінен бастау қажет. Бір замандарда жарыспалы қолданылған **ч-дж** аффрикаттары мен **тй-дй** қосар дыбыстары да тарихи даму барысында бір орында тоқтап қалмайды. Одан әрі ыдырай түседі. **Дж** аффрикатының алғашқы жапсары **д** элизияға ұшырап **ж** жалаң фонемасы пайда болса, **тй-дй** қосар дыбыстарының алғашқы жапсары **т-д** үнемдеу заңының әсерінен түсіріліп айтылып, жалаң **й** соноры сөздің абсолют басындағы дыбысқа айналады. Бұл өзгерістердің өзі кем дегенде соңғы үш мың жылдың шамасында болған болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Кие», 2010. – 581 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1980. – 120 б.
3. Марр Н. Язык и мышление. – Л., 1930. – 144 с.
4. Жұбанов тағылымы. VII халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2009. – 385 б.
5. Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында. // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981.
6. Блумфилд Л. Язык. – М., 1968. – 465 с.
7. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, Наука, 1986. – 328с.

ҒТАМР 16.21.55

Қ. ЖҰБАНОВ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ ОРНЫ ТУРАЛЫ

А. ТАЙЖАНОВ

*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. Біздің филология саласы ғалымдары белгілі деңгейде Құдайберген Жұбанов туралы зерттеулер жүргізгенімен, оның шығармашылығының сан-салалы қырларын жан-жақты қарастыра қойған жоқ. Сонымен қатар, ол халқымыздың рухани жаңғыруына көптеген үлесін қосқан.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, бірқалыптылық, адамзат, көшпелі өмір

Аннотация. Хотя наши филологи изучали Кудайбергена Жубанова на определенном уровне, он не рассматривал различные аспекты его творчества. Он также внес большой вклад в духовное возрождение нашего народа.

Ключевые слова: духовное обновление, единообразие, человечность, кочевая жизнь

Annotation. Although our philologists studied Kudaibergen Zhubanov at a certain level, he did not consider various aspects of his work. He also made a great contribution to the spiritual rebirth of our people.

Key words: spiritual renewal, uniformity, humanity, nomadic life

Қ.Жұбанов мұраларының ұлттық рухани жаңғыруымыздағы орны оның тіл саласындағы ерен еңбегімен ғана емес, музыка, жалпы өнер, рухани әлемімізді дамытуға зор үлес қосқан тарихи тұлғалар туралы, ұлттың рухани-әлеуметтік салалары бойынша жазған еңбектері мен ғалымдық, ұстаздық ұлағаттарынан, қоғам қайраткері ретінде атқарған істерінен де жан-жақты көрінеді. Әрине, ол ең алдымен тіл маманы ретінде, қазақ тілі жөніндегі зерттеулері арқылы ғылыми ортаға танылған тұлға. Олардың ішінде қазақ тілі грамматикасы, алфавит, орфография, терминология мәселелері бойынша іргелі зерттеулерін ерекше атағанымыз жөн. Бұлар жалпы алғанда, ал егер мәселеге тереңдей дүниетамдық тұрғыдан келетін болсақ, *тіл білімі саласын бүгінгі жаңғыру талабына сай түсінуге ұмтылыс жасасақ*, Қ.Жұбанов мұраларынан тілдік зерттеулер үшін аса қажетті қоғам, мәдениет және этнос факторларын; қазақ этнолингвистикасының нышандарын; әлеуметтік лингвистика бойынша пайымдауларын; тіл мен мәдениет тұтасымын; тіл мен таным сабақтастықтарын; лингвомәдени танымның кейбір мәселелерін; психоллингвистика мен когнитивтік лингвистика мәселелерін; сондай-ақ гендерлік жіктелімнің тілдік қағидаларын кездестіретінімізді тіл мамандары, басқа да зерттеушілер айтып та, жазып та жүр.

Бір ескеретін жай профессор Қ.Жұбанов тіл-әдебиет мәселелерін де, халқымыздың этномәдени тарихын да, халық әдебиетінің таным-тәлімдік маңызын да тіл философиясын негізге алып, *тілдік дүниетаным* тұрғысынан зерделейді. Сондықтан да оның дана Абай мен Хожа Ахмет Яссауиді танып, танытуы да бұрынғы зерттеулерден өзгеше болып келеді. Себебі олардағы ой топшылау, ой түйю астарларды тілдік таным философиясына негізделген және ұлтымыздың өз заманына сай ұлттық рухани өзгеру барысындағы танымы мен тану мүмкіндіктері де ескерілген.

Тіл мен ойлау, жалпы дүниетаным туралы мәселелер әдетте философиялық тұрғыдан қарастырылады. Адамзаттың дүниені тану даналығын кең көлемде философиялық категориялар негізінде түсіндіру қисынды. Өйткені, дәстүрлі философия дүниенің жаратылыс тегін, оның жалпы даму заңдылықтарын зерттейді. Сондықтан ол басқа ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып ой топшылайды. Ал тіл философиясы деп аталатын салада ұзақ уақыттар бойына ерекше қозғалыстар бола қойған жоқ, қаншалықты

кең ауқымды категорияларды пайдаланса да, философия тілдің өзіндік табиғатын түсіндіруде аса тереңге бара қоймайтыны белгілі.

Ал тіл білімі, әсіресе, тіл тарихы саласы әлі де болса көптеген тарихи тілдік деректердің жүйесін таба алмай жүр. Шындығында, *тіл тарихы* емес, *тіл генетикасы* ғана тілдің пайда болу табиғатын, әр түрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-саяси әсермен «өзгеру» себептерін айқындап, ажыратып берер еді. Бірақ, бұл жерде профессор Қ.Жұбановтың пікірін қаперге алғанымыз жөн. Ол жалпы тілтану ғылымының Европадағы атақты білімпазы болған неміс ғалымы Штейнталь мен Якут тілінің аты шулы ірі білімпазы болған академик Бетмингтің «Орал-Алтай тілдері» деп аталған тілдердің өзгешеліктерін бұл тілдер мен сөйлеушілердің «жаратылыстық өзгешелігінен», «рухани жалқаулығынан», «сөйлеу мүшелерінің өзгеше құрылғандығынан» көріп, осынысымен Европа елдерінен бұлардың жаратылысы басқашалығын, тумысынан тең емес, кем екендігін дәлелдемек болып, олардың «рухани жалқаулығы» бұларды ілгері бастырмай отыр» [1.47] – деген тұрпайы социологиялық тұжырымдарын жоққа шығарады.

Адамзаттың ең ілкі дүниетаным негіздері оның тілінде бейнеленген. Ендеше, философия адамзаттың дүниетанымын зерттеу үшін, әуелі оның тілдік танымының табиғатын түсінуі қажет. Осы тілдік танымның негізінде ойлау процесінің ең ежелгі принциптері тұр. Логиканың басты категориясы деп есептелетін ойлау – дүниетанымымыздың басты құралы. Ол дәстүрлі философияның да негізгі объектісі. Ал ойдың материалдық көрінісі – тіл. «Тіл – дүниетаным құралы» дегенде, біз ең әуелі осы тілдік дүниетаным негізінде тұрған ойлау әрекетін ескеруіміз керек. Тіл мен ойлаудың арасы, болмыс пен атаудың байланысы туралы мәселелер ертеден-ақ ғалымдардың назарын аударған. Ежелгі философтар еңбегінде тілге көп көңіл бөлінген. Осыған сәйкес номинализм теориясының зерттеле бастауының да терең тарихы бар. Сократ, Платон, Аристотель, Әл-Фараби трактаттарында сөз жүйесі жайында жазылған толғамды ой-тұжырымдар молынан кездеседі. Халқымыз: «Жүйелі сөз – жүйесін табады» десе, дана Абай: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» – дейді.

Осы жағдайлардан мол хабары бар профессор Қ.Жұбанов та тілсіз рухани мәдениет те биікке жете алмайтынын, халықтың рухани күші де, ұлт болып ұйысуы да тілінде екенін ескертеді. Оның ойынша, тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес, бірлігі де болмайды. Ғалым өз еңбектерінде қазақ тілінен басқа тілдерде болмайтын, болса да өте сирек ұшырасатын *бірөңкейлікті*, *бірқалыптылықты* ұшыратуға болатынын, онда ешбір *диалект* жоқтығын, бұл сияқты тіл бірлігі маңайындағы тілдердің ешқайсысында кездеспейтінін, қазақ халқынан саны 5-6 есе аз, жері шағын елдердің ішкі айырмашылығы сонша күшті екенін жазады. Осылайша, тіл тұтастығының халықтың бірегейленуі мен

рухани дамуындағы орнын айта келіп: «Тілдердегі мұндай тұтастық, бір өңділік, тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі көп, неше түрлі рудан құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді» – [3.64] деп тілдік танымды негізге ала отырып үлкен әлеуметтік-философиялық тұжырым жасайды.

Ғалым-зерттеуші «осы тығыз қатынас кейін әлсіреп, қазақ елінің бірлігі ыдырап, қоғам организмдері ұсақталып, осыған сәйкес қазақтың бұрынғы тұтас мәдениетінің тігістері сөгіліп, жарықшақталып, бытырауға айналғанына» - өкініш білдіреді. Айта кету керек, бұндай келеңсіз құбылыстар патшалы Ресей дәуірінде басталып, халқымыздың қоғамдық-шаруашылық құрылысындағы, сана-сезімінде бар іріліктерді ұсақтауға, бар бүтіндіктерді ыдыратуға жүйелі қызмет жасалды. Қазақ халқының бойында, жалпы мәдениетінде бар кемшіліктер мен қалыс қалған жақтары жойылудың орнына үдетіле түсті. Осы істер Қазан төңкерісінен кейін де өз шешімін тауып кете қойған жоқ. Сөз жүзінде көп жайлар істелген болып, іс жүзінде халықтың салты мен дәстүрі, әдеті мен ғұрпы, тілі мен мәдениеті шет қақпай қалып отырды. Сондықтан, бүгінгі таңда осыны терең сезінген халқымыздың зиялы бөлігінің жоғалтқандарын іздеп, кенжелеп қалған тұстарын жетістіру мақсатына құлшыныспен кірісуі табиғи-диалектикалық қажеттіліктен туған іс.

Бұл тұрғыда да біз профессор Қ.Жұбанов тағылымынан үлгі аламыз. Баршаға белгілі егемен республикамызға аса қажетті жағдайлардың бірі – **ел тыныштығы мен бірлігі**. Белгілі тіл маманы бұл мәселені де тілдік философия тұрғысынан қарастырып, ғылыми-танымдық пайымдаулар жасайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін, тек бір ғана мәселе, ғалым-зерттеушінің қазақ елінің басын біріктіріп, ыдыратпай ұстауына объективті себептер болған жайлар туралы пайымдауларына тоқталалық. Оларды ғалым төмендегіше бағамдайды:

1. Шаруашылығы бірыңғай (*мал шаруасы*) жерлес елдің шеттегі даудан мал мен басын бірігіп қорғауы. Елдің ат арқасына мінері тегісінен әскер болуы. Сондықтан әрбір жеке адамның бас пайдасы мен қоғам пайдасы бірге ұштасып отырады да, әрбір жеке адамның азаматтық санасы, қоғамның жалпы мұны, саяси белсенділігі күшейе түседі;

2. Көшпелі мал шаруашылығы және жер-мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес сол кезде бір жүз бен екінші жүздің от-суы, әр малдың сезон-сезондағы жайылымы, қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді;

3. Бір ру мен екінші рудың қонысқа, тағы басқаға таласып үздіксіз жауласып, әр жауласудың нәтижесінде үздіксіз араласып, жарасып тұратындығы. Міне, бұл да араластырмай, қатынастырмай қоймаушы еді;

4. Әр рудың ішкі қатынасы. Бұл да бірде татулық, бірде жаулық түрінде үзілмей отырды;

5. Осылардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, соның ішінде қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі пайда болды [3.64-65].

Мемлекет машинасы берік емес, тұрақты армиясы болмаған, көпшілікті дегеніне жеткізу, бітімге, қоныс меңгеруге көндіру үшін қазақ қауымы қолданған мықты құрал – тілі болатын. Ғалым-профессор «топ жарған шешен, тоқпақ ақын, ескі әдетті көп білетін кәрі құлақ адамдар, қысқасы тіл өнершілері елдің тізгінін ұстап, даудың билігін айтқанын» [4.32] оқушы зердесіне салады. Сөйтіп ғалым тілдің заман ағымы негізінде түзілген таным, халықтың өмір сүру тәсілінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің, мінезінің, жалпы болмысының көрінісі екенін нақтылай түседі.

Жалпы тілдің дамуы адам баласының ішкі рухани қажеттілігін қанағаттандырудан туындайды. Осы негізде, проф. Қ.Жұбанов: «Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [2. 93.] – деген ой-қорытынды жасайды. Қ.Жұбанов пайымдауынша, «Тіл адам баласының әр кездердегі барлық табыстарын, ұғым-түсініктерін білдіреді. Онда саясат пен идеологияның да әсері болуы әбден мүмкін. Ғалым бұл айтылған ойын былайша негіздейді: «Бұрындары кейбір елдерде құлды кім? демей, не? деп сұрайды екен. Бұл оларды пассив нәрсе ретінде қарап, кемсітуден туған... Адам баласының өрлеу жолындағы ізінің тілге беделі түскен. Мысалы, қазақтың «балам» деуі патриархат заманының қалдығы, өйткені бұл сөз ру деген сөзге байланысты: *ру-ұрық – ұрығ-ұру*; Бұл хасыл (*асыл*) – тек. Көрінген баланы «балам» деу некесіз заманнан қалған мұра. Ол заманда әйелдің жасы үлкені АНА, АПА болған. Бұларда *ру* аты сияқты аталған. Еркектің үлкені АТА болып аталған, ҚЫЗ – кішкене әйел дегенді білдіретін сөз, оны монғолша – *кеукім* дейді» [2. 123-124].

Дүниетанымдық тұрғыдан келгенде «адамзат баласы алғаш қалай сөйлеген?» деген мәселені түсіндіру үшін ең әуелі «адамзат баласы алғаш қалай ойлаған?» деген сұраққа жауап табу қажет болады. Тіл мен ойлаудың арақатынасы, байланысы туралы мәселелер сонда ғана өзінің ақиқат шешімін табады. Тіл білімі мен тіл философиясында ортақ мәселе – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысы. Тіл – ойдың жемісі, ойды жарыққа шығаратын форма. Тіл – ойлау құралы, ой – оның мазмұны. Ойлау процесі – мида болатын құрылыс, сана әрекеті, ал тіл санадағы сол ойлау әрекетінің «ұғым» түріндегі нәтижесін дыбыстау аппараты арқылы материалдық формаға енгізеді. Осы екі басқа объектілерге қатысты екі түрлі құбылысты бір мезгілде өтетін құбылыстар деу сендірмейді. Олай болса олардың арасындағы «тығыз» байланыс та шартты түрдегі байланыс. Бұлардың уақытқа қатысты алғандағы байланысы, бейнелеп айтсақ, жердің соғуы нәтижесінде, шөптің қозғалуы

тәрізді себеп-салдарлық байланыс. Яғни, ұғым айтылмақ болғанда, оған сөз таңдалады. Ең әуелі, ойдың ұғым түрінде бейнеленуінің өзі, яки ұғым пайда болуы тілге әсіресе, дыбыстық тілге тікелей байланысты емес. ЫМ ТІЛІ дәуірінде ұғым әр түрлі ишарат белгілері арқылы бейнеленген.

Пайымдау, ойлау тәрізді, ұғым пайда болуы да – санадағы құбылыс. Ең ежелгі негіз ұғымдардың пайда болуында КӨЗ ҚЫЗМЕТІ ерекше орын алған. Себебі – ең ежелгі ұғымдар кеңістікке, ондағы денелердің әр түрлі бейнесіне байланысты туғанын тілдік деректер айқын көрсетеді. Ұғым пайда болуының негізінде – объект денотат тұрады. Ол – қозғаушы, сана әрекетін қоздырушы күш. Егер зат (*құбылыс*) болмаса, оның санадағы сәулесі, яки бейне де жоқ. Яки ұғым – дүниетанымның санадағы бейне суреті. Демек, ең ежелгі адамдар тіл арқылы емес, көз арқылы ойлаған. Санадағы ұғымның мағынасын түсіну үшін осы көз арқылы қабылданған бейненің қандай бейне екенін түсіну қажет. Әрине, ол бізге көрінбейді, «қолға түспейді». Бірақ оның тіл, не басқаша тәсілдер арқылы берілу мүмкіндігі бар. Ұғым айтылмақ болғанда ғана оған сәйкес сөз таңдалады деуіміз осыдан. Ол дыбыс, не басқа тәсіл арқылы да, ым-ишарат т.б. берілуі мүмкін. Демек, ең ежелгі негіз ұғымдардың пайда болуында тілдің еш қатысы болмаған. Тіл қызметі – екінші кезектегі әрекет. Тіл – табиғат пен адамзат аралығындағы сана арқылы болатын байланысты адамдардың өзара қарым-қатынасында бейнелейтін аралық құрал. Адамзат ұрпағының санасындағы ең алғашқы ұғымды белгі бір формада тілге (*ым тіліне, дыбыстық тілге, т.б.*) айналдыру үшін де қаншама ғасырлар өткенін болжап айту да оңай емес.

Міне осындай күрделі мәселені түсіндіруге проф. Қ. Жұбанов дыбыс жүйесі арқылы, тіл тану ғылымының бір саласы – *фонетика* арқылы келеді. Алайда ол фонетиканы таза дыбыс жайлы ғылым деп танитын ескі тілтану ғылымынан өзгешелеу тұрғыда, «салмақтандырып, дәлденкіреп түсіндіруге» ұмтылып төмендегідей байламдары мен пайымдарын ұсынады:

- фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексермейді;
- фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Мысалы адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды т.б. мұның бәрі адам дыбысы, бірақ адамның қоғамдық мұны айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды;
- фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Мысалы, музыка да қоғамдық дыбыс, сөйте тұра бұл тіл дыбысы емес; жылау, күлу де қоғамдық дыбыстар бірақ тіл дыбыстары емес. Соңғысы барлық ұлт өкілдеріне түсінікті, ал тіл болса тек сол ұлт өкіліне, немесе, оны игерген адамға ғана түсінікті;

- фонетика бір тілмен сөйлейтін адамдарға ғана түсінікті дыбыс болған жердің бәрін тексермейді. Мысалы малдарды шақыру, қайыру, ысқыру т.б. бұлар да тіл дыбыстары емес. Өйткені тілдің атқаратын негізгі қызметі – адам мен адам арасындағы пікір қалыптастыру [2.37-40].

Осы айтылғандарды саралай келе, профессор Қ.Жұбанов: « фонетика тіл дыбысы болған жердің бәрін қарай бермейді, дыбыс тілінің дыбыстарын ғана тексереді» – деген тұжырым жасайды. Жоғарыда айтылған тіл мәселесіндегі ЫМ ТІЛІ мен КӨЗ ҚЫЗМЕТІ де тілші-ғалым назарынан тыс қалмаған. Сондай пікірлерінің бірі төмендегідей: «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ЫМ ТІЛІ. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдам сөйлеседі. Бұл тілді армяндар *«нашнауар»* дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл, мұнымен әйелдер сумаңдатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктің бірі – әйелдерде ғана болатын *«ернін шығару» (кеміткенде)*, *«бетін шымшу» (ұятсынғанда)*, *«ауызын шылп еткізу» (таңданғанда)*, *«ауызын быртылдану» (кекеткенде)*. Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (*членораздельный*) емес. Фонетика дыбыс тілінің дыбыстары жайындағы ғылым болғандықтан дыбыс тілі жүйесіне қосылмайтын, ым тілі қалдықтарына жататын дыбыстарды қарамайды» [2.40-41].

Осы жоғарыда айтылғандар негізінде профессор Қ.Жұбанов жалпы тіл философиясы туралы мынандай тұжырымға келеді: «Бүгіндегі адам баласының тілі – дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» дегенмен бір есеп. Бүгінде дыбыстағанның бәрі бірдей сөйлеген болмағанмен, сөйлегеннің бәрі дыбыстаған болып кеткен. Сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құралысуы, орналасуы сияқты көрінеді. Кірпіш үйдің қабырғасы (*дуалы*) қабырға болмастан бұрын бөлек-бөлек, ұсақ-ұсақ кірпіштен болып, сол кірпіштен құралып, қаланып барып қабырға (*дуал*) қалпына келгені сияқты, тіл де дыбыстардан құралып барып, буындар, буындардан жиналып келген сөздер, сөздерден топталып алып, сөйлемдер пайда болатын тәрізді. Тәрізді ғана емес, бүгіндегі қандай жақсы деген грамматика кітабын алып қарасаңыз да дыбыстарды тіл қабырғасын құрастырған кірпіштер қылып көрсетеді.

Осындай түсініктің нәтижесінде үйдің қабырғасы болмас бұрын, оны құрастырғанда кірпіштер болмас бұрын, оны құраған құм топырақтар болғаны сияқты, сөз болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болмағанда осы күнгі біз білетін «а», «в», «с» дыбыстары болған сияқты

көрінеді. Жеке айырынды дыбыстар тілдің арғы атасы сияктанады. Тілдердің ілгері басуы, дамуы, өсуі дегеніміз «әлімсақтан» бері келе жатқан өзгермес дыбыстардың құралысу жөніндегі өзгерістер болып қана көрінеді».

Айтулы тіл маманы, профессор Қ.Жұбановтың тіл философиясы, оның дүниетанымдық ролі туралы пікірлерінің бір парасы осындай. Біздің филология саласы ғалымдары белгілі деңгейде Құдайберген Жұбанов туралы зерттеулер жүргізгенімен, оның шығармашылығының сан-салалы қырларын жан-жақты қарастыра қойған жоқ. Біз бұл мәселені бұдан біраз жыл бұрын «ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ДҮНИЕТАНЫМЫ» (Ақтөбе, 1999) деген еңбегімізде көтерген болатынбыз. Онда ғалым шығармашылығын таза тіл мәселесі шеңберінен шығарып, оның әлеуметтік-танымдық жағына назар аудару қажеттігін айтқанбыз. Біз әлі де сол пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1992.
2. Қ.Жұбанов. Шығармалар мен естеліктер. Алматы, «Өнер», 1990.
3. А.Тайжанұлы. Құдайберген Жұбанов дүниетанымы. Ақтөбе, 1999

ҒТАМР 16.21.55

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ РӨЛІ

М.О. МИРОВ

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада профессор Қ. Жұбановтың қазақ руханиятындағы ролі ашылған. Зерттеу тек қазақ мәдениеті ғана емес, басқа да көптеген сахарауи халықтардың рухани ой-өрісін ашып береді. Профессор Жұбановтың артына қалдырған мол мұраларына шағын талдау жасау арқылы оның ұлт руханиятын өркендетудегі ролі айқындалған.

Түйінді сөздер: руханият, фонетика, ағарту ісі, синтаксис.

Аннотация. В статье профессора раскрыта роль К. Жубанова в казахской культуре и духовности. Исследование раскрывает не только казахскую культуру, но и духовные мысли многих других священных народов. Роль профессора Жубанова в развитии национальной духовности была определена небольшим анализом его богатого наследия.

Ключевые слова: руханият, фонетика, просветительское дело, синтаксис.

Annotation. The professor's article reveals the role of K. Zhubanov in Kazakh culture and spirituality. The study reveals not only the Kazakh culture, but also the spiritual thoughts of many other sacred peoples. The role of Professor Zhubanov in the development of national spirituality was determined by a small analysis of his rich heritage.